

Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының құрылымын ішінара өзгерту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 7 ақпан N 2038. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.10.20. N 2565 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында қаулы етемін:

1. Президенттің Аймақтардағы өкілдері тобының және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы таратылатын Бас бақылау инспекциясының негізінде Президент Аппаратының құрылымында Ұйымдастыру-бақылау басқармасы құрылсын.

Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының Басшысы штат кестесіне тиісті өзгертулер енгізілсін.

2. Мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 мамырдағы N 1706 Қаулысында:

3-тармақтағы "Бас бақылау инспекциясының төрағасын және" деген сөздер алынып тасталсын.

Қаулының қосымшасы "ұйымдастыру-бақылау басқармасы" деген сөздермен толықтырылып, одан "Бас бақылау инспекциясы" деген сөздер алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 28 қазандағы

N 1954 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты туралы Ережеде:

3-тармақтағы "бөлімдер мен" деген сөздер "бөлімдердің, басқармалардың және" деген сөздермен алмастырылсын;

4-тармақтағы "бөлімдер" деген сөз "бөлімдер, басқарамалар" деген сөздермен алмастырылсын;

5-тармақтағы "бөлімдері" деген сөз "бөлімдері, басқармалары мен" деген сөздермен алмастырылсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК